

11 дәріс.

Тақырыбы:

**«Этникааралық шиеліністер
және оларды болдырмау
жолдары».**

Жоспар:

1. Этникааралық шиеліністер түсінігі
2. Әлемдегі этникааралық шиеліністер
3. Қазақстандағы этникалық негізде шиеленістерді болдырмау жолы.

Этникааралық
шиеленістер түрлі ұлттардың,
этникалық топтардың арасында
тәуелсіздікке, саяси билікке
ұмтылуға, жер дауына, діни,
этникалық кемсітушілікке, т.б.
себептерге байланысты туады.

Ұлтаралық қарама-қайшылықтар мен шиеліністердің себептері

Саяси

- Үстем ұлт тарапынан жүргізетін кемсіту саясаты;
- Халықтың өз мемлекетін құруға талпынысы;
- Ұлттық саяси элитаның өз танымалдығы үшін ұлттың сезімдерін пайдалану әрекеттері;
- Ұлттық мәселе бойынша қателіктер жасау және салғырттық;
- Халықаралық терроризмнің араласуы.

Аумақтық

- мемлекеттік шекараларының халықтардың орналасу шекаралары арасындағы сәйкессіздік

Тарихи

- Өткен замандағы хаылқтардың арасындағы қарым-қатынастар (соғыс, үстемдік - бағыну)

Экономикалық

- Халықтардың өмір сүруіндегі теңсіздіктер;
- Ресурстар үшін күрес, әсіресе экономикалық дағдарыстар кезінде өткір

Мәдени-тілдік

- Әр түрлі дәстүрлер, мәдениет, тіл

Демографиялық

- Көші-қон және табиғи өсім есебінен халықтарының санының тез өзгеруі


Конфессионалдық

- Әр түрлі діндер мен конфессияларға тиесілі болуы

Қазіргі замандағы ұлтаралық қақтығыстың көрінісі ретінде Израиль-Палестина қақтығысын айтуға болады. Арабтар мен еврейлердің жерге таласуы 1947-48 жылдардан бастап қарулы қақтығыстар формасынан үздік-создық жалғасып келе жатыр. Ұлтаралық қақтығыстар қатысушы топтардың өшпенділігі мен жауығуы жағдайында өрши түседі. Мұны Түркиядағы күрд мәселесі де дәлелдеп келеді. Күрдтердің өздері жинақы тұратын аймақта Күрдістан мемлекетін құру мақсаты түрік-күрд қайшылықтарына себеп болуда.

Батыс Еуропа елдерінде лаңкестіктің қаупін ислам дінімен байланыстырудың орын алуы мұсылман халықтарының өкілдерін қудалауға негіз болуда. Кейбір жағдайда жеке бір ұлттың шектен тыс шовинистік пиғылдары да Ұлтаралық қақтығысқа әкеледі. Мысалы, бұрынғы Югославия мемлекетіндегі сербтердің, албандардың шовинистік пиғылдары этникалық тазалауға немесе екінші бір этнос өкілдеріне қарсы қудалаушылық саясат жүргізуге себепкер болды. Нәтижесінде Югославия халықтарының Ұлтаралық қақтығыстары біртұтас мемлекеттің ыдырауына алып келді.

Ұлттар мен ұлтаралық қатынастар



**«Малый народ обидчив»
(туркменская поговорка)**

- ❖ **«Когда идешь в чужую страну, надень такую шапку, которую там носят» (армянская пословица)**



- **Глобализация** – (от англ. – мировой, всемирный, всеобщий) – это процесс сближения наций и народов, всемирной экономической, политической и культурной интеграции и унификации.
- Плюсы, минусы?

Какие условия необходимы для построения относительно гармоничных межнациональных отношений?

- Последовательная демократия,
- Соблюдение принципов правового государства.



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЛ БІРЛІГІ ДОКТРИНАСЫ

Қазақстанның барша азаматына тең мүмкіндіктер мен лайықты тіршілік жағдайын туғызуға ұмтылу, Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясын мойындау, ұлт тағдырына жауапкершілікті сезіну, Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияда, мемлекеттік Тәуелсіздік туралы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасы Конституциясында көрсетілгендей байырғы қазақ жерінде ұлттық мемлекеттілік құру мен нығайту және де басқа қағидаттарды негізге ала отырып, қоғам мен ұлтқа Қазақстанның Ұлт Бірлігі Доктринасы ұсынылады

I. «БІР ЕЛ - БІР ТАҒДЫР»

- *Ұлт бірлігін негіздейтін бірінші қағидат - әр азаматтың өзінің ортақ тағдыры мен Отанының - Қазақстан Республикасының - ортақ екенін ұғыну.*
- Біздің ұлттық бірлігіміз, этникалық шығу тегіне қарамастан, әрбір адамның жоғары деңгейде Қазақстанмен және оның болашағымен етене бірігуіне негізделген.
- Қандай да бір елдің азаматы болу - әр адамның тағдыры. Алайда, адамдар әрқашан таңдау құқығына ие - ал біз өз таңдауымызды жасадық. Біздің таңдауымыз терең дара сипатта, осы таңдау - біздің барлығымызды отандастар етеді. Себебі біздің ортақ еліміз, ортақ отанымыз бар, ол - Тәуелсіз Қазақстан. Тарихи тағдырымыздың ортақтығын түсіну және осы таңдауды түйсіне білу - елдің барша азаматын біріктіретін ең басты негіз.

• II. «ТЕГІ БАСҚА - ТЕҢДІГІ БІР»

- *Екінші басты қағидат - этникалық, болмаса басқа да шыққан тегіне, діни ұстанымына және әлеуметтік жағдайына қарамай барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру.*
- Біріміздің алдында бірімізге алдын ала артықшылық берілмейді. Бұл ұстаным біздің бірлік ғимаратымызға берік іргетас болып қаланған. Ол Қазақстан Республикасының Конституциясында жария етілген.
- Бұл қағидат әрбір Қазақстан азаматы өзінің жеке артықшылығы мен шығу тегіне қарамай, қабілетіне қарай барлық мүмкіндігін жүзеге асырып, жетістіктерге жете алатынын аңғартады. Отан мен қоғамға қызмет етуге бағытталған қабілет пен дарын еркін дамуы тиіс, оған ешқандай кедергі болмайды.
- Бұл мемлекет пен қоғамның дамуына қолайлы жағдай туғызады: қабілеті мен мүмкіндігі артқан адамдар саны көбейген сайын ел егемендігі нығайып, қоғамның біртұтастығы артады.
- Мемлекет тарапынан барлық адамға бірдей әділетті және тең мүмкіндік жасалады. Меншік еркіндігін дамыту - ел өркендеуі үшін қажетті шарт. Орташа тапты жедел қалыптастырудың экономикалық және құқықтық негіздерін жасау - Қазақстанның бүгінгі мен болашағы үшін өмірлік қажеттілік.

Семинар 11

- Әлемдегі этникааралық шиеліністер
- Территорияға байланысты қақтығыстың бір түрі сецессия (сепаратизм). Осыған орай, Грузия-Абхазия, Оңтүстік Осетия, Молдавия-Приднестровье, ҚХР-Тибет, ұйғырлар, Турция-Курдистан, т.б сепаратистік құрылыстарды талдап, сараптаңыз.
- Қазіргі халықаралық терроризм мен діни экстремизмге қарсы күрестің негізгі маңызы «әділ жаза» беру. Осыған орай, эссе не реферат дайындаңыз.
- Терроризмге қарсы күрестің баламалы жолдарын көрсетіп, баяндама дайындаңыз;
- АҚШ, Ресей, ҚР президенттерінің сөздерінен үзінді келтіріңіз.
- Терроризммен діни экстремизмге қарсы күрес жүргізуді заңдастырған құқықтық құжатты талдап, сараптаңыз және оны семинарға пайдаланыңыз